

"БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР ОРТАЛЫҚ ДЕПОЗИТАРИЙІ" АҚ

"Бағалы қағаздар орталық
депозитарийі" АҚ Басқармасы
шешімімен

бекітілді

(202X жылғы XX айдан бастап
отырыстың № XX хаттамасы)

202X жылғы XX айдан бастап
қолданысқа енгізілді)

QI келісімінің талаптарын орындау шеңберінде салықтық басқару бойынша қызметтер көрсету ТӘРТІБІ

Алматы, қ

2025

МАЗМҰНЫ

	Кіріспе	3
1-тарау	Жалпы ережелер	3
2-тарау	Шотты құжаттау	5
3-тарау	Салықты ұстап қалу	7
4-тарау	Салық есептілігі	8
Қосымша	Ұстап қалуға өтініш	11

Осы Тәртіп QI келісімін ескере отырып, "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ (бұдан әрі – Орталық депозитарий) Қағидалар жинағының ережелеріне сәйкес әзірленді және Орталық депозитарийдің Америка Құрама Штаттарының заңнамасына сәйкес шығарылған қаржы құралдарына қатысты кірістерді төлеу кезінде тоқтаусыз Білікті делдал мәртебесі шеңберінде QI келісімінің талаптарын сақтауын реттейді.

1-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы Тәртіппен мынадай негізгі ұғымдар және шартты (қысқартылған) белгілер пайдаланылады:

"FATCA" – (ағылш. тілінен Foreign Account Tax Compliance Act) – АҚШ-тың шетелдік шоттарға салық салу туралы заңы;

"IRS" – (ағылш. тілінен Internal Revenue Service) – АҚШ-тың салық қызметі – салық жинауға, басқаруға және АҚШ Салық кодексінің ережелерін қолдануға жауапты орган;

"QI" – (ағылш. тілінен Qualified Intermediary) – білікті делдал – IRS-пен QI келісімін жасаған және АҚШ Салық кодексінің 3-тарауының ережелеріне сәйкес салық делдалының функцияларын орындауға уәкілетті шетелдік қаржы институты;

"ЖК" ААЖ" – "Жеке кабинет" автоматтандырылған ақпарат жүйесі;

"АҚШ Салық кодексінің 3-тарауы" – АҚШ бейрезиденттері (Nonresident Aliens) және шетелдік ұйымдарға төленетін АҚШ-тағы кірістерді төлеу көзінен салықты ұстап қалу тәртібін, сондай-ақ осындай төлемдер бойынша құжаттау және есеп беру ережелерін белгілейтін АҚШ-тың Салық кодексінің бөлімі;

"АҚШ Салық кодексінің 4-тарауы" – FATCA талаптарын сақтау мақсатында салықты сәйкестендіру, есеп беру және ұстау тәртібін реттейтін АҚШ Салық кодексінің бөлімі;

"шетелдік салық агенті" – АҚШ құралдары бойынша кірістерді төлеу көзінен салықты ұстауды жүзеге асыратын бухгалтерлік ұйым;

"АҚШ құралдары" – АҚШ заңнамасына сәйкес шығарылған құралдар;

"АҚШ салығы" – АҚШ құралдары бойынша кірістерді төлеу көзінен ұсталатын салық;

"АҚШ салық кодексі" – салықтардың түрлерін, оларды есептеу және төлеу ережелерін анықтайтын, сондай-ақ салық рәсімдері мен салықтық басқаруды реттейтін АҚШ федералды заңы;

"жиынтық ақпарат" – АҚШ-тың Салық кодексіне сәйкес АҚШ салығының төмендетілген мөлшерлемесін қолдану мақсатында шетелдік салық агенттеріне Орталық депозитарий ұсынуға жататын кірістерді төлеуді жүзеге асыратын белгілі бір атаудағы АҚШ құралдарының саны туралы жиынтық ақпарат;

"QI келісімі" – білікті делдалдар бағдарламасы шеңберінде АҚШ-тың Салық қызметі мен АҚШ-тың заңды тұлғасы болып табылмайтын шетелдік ұйым арасындағы келісім; QI келісіміне сәйкес, мұндай ұйым АҚШ Салық кодексінің 3 және 4-тарауларына сәйкес АҚШ-та салық салынатын тұлғаларды сәйкестендіру, салықты ұстап қалу және есеп беру міндеттерін орындайды;

"АҚШ" – Америка Құрама Штаттары;

"1042-форма" – АҚШ Салық кодексінің 3 және 4-тарауларына сәйкес ұсталған және тізімделген салықтар бойынша есеп беру үшін IRS-ке берілетін жылдық салық декларациясы;

"1042-S-форма" – IRS-те және кіріс алушыға берілген есеп, онда АҚШ көздерінен алынған кірістің сомалары, ұсталған салық сомалары, сондай-ақ қолданылған салық мөлшерлемері мен алушылардың мәртебелері көрсетілген;

"салықтық сәйкестендіру формасы" – АҚШ Салық кодексіне сәйкес кірістер төлеу көзінен салықты ұстап қалу мақсатында тұлғаның салық мәртебесін растайтын құжат; бұл формаларға W-8 сериясының формалары (W-8BEN, W-8BEN-E, W-8IMY, W-8ECI, W-8EXP) және W-9 формасы жатады;

"W-8IMY формасы" – делдал өзінің мәртебесін құжаттау және соңғы табыс алушылардың шоттары бойынша салықты ұстап қалу туралы ақпарат беру үшін ұсынатын форма;

"W-8BEN формасы" – АҚШ-тың салық резиденті болып табылмайтын ұйым өзінің шетелдік мәртебесін растау және қосарланған салық салуды болдырмау туралы келісімге сәйкес салық жеңілдіктерін алу құқығына өтінішіті растау үшін пайдаланатын форма;

"W-8BEN-E формасы" – АҚШ-тың салық резиденті болып табылмайтын ұйым өзінің шетелдік мәртебесін растау және қосарланған салық салуды болдырмау туралы келісімге сәйкес салық жеңілдіктерін алу құқығы туралы өтінішке пайдаланатын форма;

2. Орталық депозитарий IRS-пен QI келісімін жасады, оның шеңберінде Орталық депозитарий ұстап қалмайтын QI мәртебесінде әрекет етеді, осы Тәртіптің 5-тармағында көзделген функцияларды орындайды және АҚШ Салық кодексінің 3 және 4-тараулары мақсатында салықтарды ұстап қалғаны үшін, сондай-ақ IRS-те 1099-формасы бойынша есептілікті ұсынғаны үшін және/немесе есепті сомаларға қатысты салықтарды резервтік ұстап қалуды жүзеге асырғаны үшін бірінші кезектегі жауапкершілікті өз мойнына алмайды.
3. Осы Тәртіппен QI келісімінде көзделген функциялар ғана қаралады.
4. Орталық депозитарий шетелдік салық агенттерінде ашылған барлық шоттарға қатысты QI мәртебесінде әрекет етуге міндетті емес, алайда шетелдік салық агентінде ашылған және Орталық депозитарий QI мәртебесінде әрекет ететін шот ретінде анықтаған шотқа алынған барлық төлемдерге қатысты QI мәртебесінде әрекет етеді.

5. Орталық депозитарий тоқтаусыз QI мәртебесінде депоненттер мен олардың клиенттеріне қатысты мынадай функцияларды жүзеге асырады:
 - 1) депоненттерден депоненттердің өздері мен олардың клиенттерін салықтық сәйкестендіру нысандарын алу, осы формаларды тексеру және оларды сақтау;
 - 2) жиынтық ақпаратты қалыптастыру және оны шетелдік салық агенттеріне беру;
 - 3) АҚШ заңнамасына сәйкес жыл сайынғы салық есептілігін қалыптастыру және оны IRS-ке, сондай-ақ депоненттерге (олардың сұраулары бойынша) ұсыну.
6. QI келісімінің талаптарына сәйкес Орталық депозитарий салықтардың төмендеуіне кепілдік бермейді, салықтық кеңес беруді жүзеге асырмайды, салықтық басқару, салықтық сәйкестендіру формаларын толтыру мәселелері бойынша түсініктемелер немесе ұсынымдар бермейді және депоненттер мен олардың клиенттері ұсынған формаларға түзетулер енгізбейді.

2-тарау. ШОТТЫ ҚҰЖАТТАУ

7. QI Келісімнің талаптарына сәйкес Орталық депозитарий депоненттерге және/немесе олардың клиенттеріне қатысты төленетін кірістер АҚШ Салық кодексінің 3 және 4-тарауларының талаптарына сәйкес кірістерді төлеу көзінен салықты ұстап қалуға жататындығын анықтау үшін салықтық сәйкестендіру формаларын алуды және тексеруді жүзеге асырады.
8. Депонентке және/немесе депоненттің клиенттеріне қатысты салықтық сәйкестендіру формасы Орталық депозитарийге "ААЖ" ЖК арқылы беріледі.
9. Орталық депозитарий IRS ресми интернет-ресурсында жарияланған салықтық сәйкестендірудің өзекті және дұрыс толтырылған формаларын ғана қабылдайды. Орталық депозитарий IRS ресми интернет-ресурсында форманың жаңа редакциясы жарияланған күннен бастап алты ай өткен соң ескірген нұсқалар бойынша ресімделген формаларды қабылдамайды.
10. Депоненттің және/немесе депонент клиентінің салықтық сәйкестендіру формасында көрсетілген мәліметтер Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде ашылған тиісті шот бойынша көрсетілген деректерге толық сәйкес келуге тиіс. Көрсетілген деректер арасында алшақтықтар болған жағдайда мұндай сәйкессіздіктер жойылғанға дейін салықтық сәйкестендіру формасы жарамсыз деп есептеледі.
11. Өзіне және/немесе өз клиентіне қатысты салықтық сәйкестендіру формаларын ұсыну үшін депонент Орталық депозитарийге өзінің атына делдал ретінде ресімделген W-8IMY формасын, сондай-ақ осы Тәртіпке қосымшаның формасы бойынша жасалған ұстап қалуға өтінішті алдын ала ұсынуға міндетті.
12. Орталық депозитарий құжаттардың толық пакетін алғаннан кейін және Орталық депозитарийден W-8IMY формасының дұрыстығы мен өзектілігін тексерудің оң нәтижесін және ұстап қалуға өтініш алған кезде депоненттің жеке шоты депоненттің өзі және/немесе оның клиенті бойынша салықтық сәйкестендіру формаларын (W-8BEN, W-8BEN-E) беруге мүмкіндік беретін мәртебе алады.

13. Депоненттен салықтық сәйкестендіру формасын алған кезде Орталық депозитарий QI келісімінде белгіленген тәртіппен АҚШ Салық кодексінің 3 және 4-тарауларының талаптарына сәйкестігін тексеруді жүзеге асырады.
14. Орталық депозитарий аталған тексеруді депоненттен салықтық сәйкестендіру формасын алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде орындайды.
15. Орталық депозитарийден салықтық сәйкестендіру формасын тексерудің оң нәтижесін алған кезде депонент және/немесе депонент клиентінің шоты құжатталған болып есептеледі, салықтық сәйкестендіру формасына оның қолданылу мерзімі көрсетіле отырып, "әрекет етеді" мәртебесі беріледі.
16. Орталық депозитарийден салықтық сәйкестендіру формасын тексерудің теріс нәтижесін алған кезде Орталық депозитарий депонентке салықтық сәйкестендіру формасын қабылдаудан бас тартуға құқылы. Орталық депозитарий анықталған сәйкессіздіктер туралы депонентті хабардар етеді, түсіндіруді сұратады, "ААЖ" ЖК арқылы түзетулер енгізу және құжаттарды қайта ұсыну қажеттігі туралы хабарлайды.
17. Егер Орталық депозитарий депонентке және/немесе депоненттің клиентіне қатысты бұрын ұсынылған салықтық сәйкестендіру формасының дұрыстығына әсер ететін мәліметтерде өзгерістер болды деп пайымдауға белгілі болса немесе негіздер болса, Орталық депозитарий мұндай формаға сенбеуге құқылы.
18. Салықтық сәйкестендіру формасы депоненттің және/немесе депоненттің клиентінің шоты бойынша мәліметтердің өзгеруі, форманың қолданылу мерзімінің аяқталуы, оны кері қайтарып алу не жаңа форманы ұсыну салдарынан өзектілігін немесе шынайылығын жоғалтқан жағдайларда, шот құжатталған мәртебесін жоғалтады және салықтық сәйкестендіру формасына "қолданылмайды" мәртебесі беріледі. Салықтық сәйкестендірудің жаңа жарамды формасы ұсынылғанға дейін АҚШ құралдары бойынша кірісті төлеу кезінде 30% мөлшерінде FATCA салығын ұстап қалу қолданылады.
19. Егер депонент мәліметтердің өзгеруіне байланысты не өзге себептер бойынша W-8IMY жаңартылған формасын ұсынған жағдайда, депоненттің жеке шоты жаңа форманы тексеру кезеңінде құжатталмаған болып есептеледі. Аталған кезең ішінде депоненттің және/немесе оның клиентінің салықтық сәйкестендірудің бұрын берілген барлық формалары жарамсыз болып саналады. FATCA талаптарына сәйкес есептілікке жататын төлемдерге осы кезеңде FATCA бойынша 30% салық шегерімі қолданылады.
20. Берілген салықтық сәйкестендіру формалары және депоненттің және/немесе депоненттің клиентінің мәртебесі туралы ақпарат "салықтар" бөлімінде "ААЖ" ЖК-да қолжетімді.
21. Орталық депозитарий өзінің есепке алу жүйесінде депоненттен өзіне және/немесе өз клиентіне алынған салықтық сәйкестендірудің сканерленген формасын QI Келісімінде белгіленген мерзім ішінде, бірақ осы форманың қолданылу мерзімі өткен күннен бастап кемінде алты жыл бойы сақтайды.

3-тарау. САЛЫҚТАРДЫ ҰСТАП ҚАЛУ

22. Орталық депозитарий депоненттер ұсынған салықтық сәйкестендіру нысандары негізінде АҚШ-тың қолданыстағы салық мөлшерлемесін анықтайды және кейіннен шетелдік салық агентіне осындай агенттің талаптарында белгіленген мерзімде беру үшін жиынтық ақпарат қалыптастырады. Көрсетілген ақпарат АҚШ салығының мөлшерлемесін дұрыс қолдану және кірістерді төлеу көзінен салықты ұстап қалуды жүзеге асыру үшін пайдаланылады.
23. Депоненттер және/немесе олардың клиенттері үшін Орталық депозитарийге уақтылы берілген салықтық сәйкестендірудің дұрыс толтырылған формалыр болған кезде ғана АҚШ салығының төмендетілген мөлшерлемелері (егер олар шетелдік салық агенттері оларға қатысты осындай мөлшерлемелерді қолдануға тыйым салулар мен шектеулер белгілеген тұлғалар болып табылмаса) қолданылуы мүмкін.
24. "Құралдардың жиынтық есебіне арналған депоненттің қосалқы шоты" типіндегі қосалқы шоты ашылған депонент Орталық депозитарийдің сұратуы бойынша кірістерді төлеу көзінен АҚШ салығын ұстап қалуға жататын кірісті төлеу күні басталғанға дейін клиенттің бірегей кодын қоса алғанда, ұстаушылар туралы ақпаратты толық ашуға міндетті.
25. Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде клиенттің бірегей коды бойынша салықтық сәйкестендірудің нақты формасы болмаған жағдайда, мұндай ұстаушыға 30% мөлшерінде FATCA бойынша салықты ұстап қалу қолданылады.
26. Депоненттің өзіне және/немесе өз клиентіне қатысты салықтық сәйкестендіру формаларын табыс көзінен АҚШ салығы ұсталатын табыс төленетін күнге дейін ұсынбауы мұндай ұстаушыны құжатталмаған деп тану үшін негіз ретінде қарастырылады. Бұл жағдайда мұндай ұстаушыға төленетін төлемдерге FATCA бойынша 30% салық шегерімі қолданылады.
27. Егер депоненттен және/немесе оның клиентінен АҚШ салығының дұрыс емес мөлшерлемесін қолдану салдарынан салықтың артық сомасы ұсталған жағдайда, артық ұсталған соманы қайтару ұстап қалу орын алған салық кезеңі шегінде ғана және егер шетелдік салық агенті артық төленген ақшаны қайтару туралы оң шешім қабылдаған жағдайда ғана мүмкін болады.
28. АҚШ-тың артық ұсталған салықтарын қайтаруды бастау үшін депонент Орталық депозитарийге ресми жазбаша сұрату жібереді және салық ұсталған тиісті төлем бойынша толық ақпаратты ұсынады, оған мыналар кіреді:
 - 1) ISIN;
 - 2) қосалқы шот нөмірі;
 - 3) АҚШ құралдарының саны;
 - 4) АҚШ салығын ұстағаннан кейін нақты түскен сома.

29. Егер табыс алушының шоты құжатталған болса, салықтық сәйкестендіру формасы "жарамды" мәртебесіне ие болса және 28-тармақта көрсетілген барлық қажетті ақпарат берілсе, Орталық депозитарий АҚШ-тың артық ұсталған салықтарын шетелдік салық агентіне қайтаруға сұрату жібереді. Артық ұсталған АҚШ салықтарын қайтару мүмкіндігі мен мерзімдерін шетелдік салық агенті анықтайды.

4-тарау. САЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІ

30. Орталық депозитарий QI Келісімінде белгіленген тәртіппен IRS-ке ұсынуға арналған АҚШ заңнамасына сәйкес жыл сайынғы салық есептілігін қалыптастырады.
31. Орталық депозитарий IRS-ке салық кезеңі аяқталғаннан кейін IRS-ке жыл сайынғы салық есептілігін IRS белгілеген мерзімде ұсынады.
32. Орталық депозитарий АҚШ Салық кодексінің 3 және 4-тарауларының талаптарына, QI Келісімінің шарттарына, сондай-ақ IRS жариялаған 1042-S формасының нұсқауларына сәйкес жыл сайынғы 1042-S формасын құрайды.
33. 1042-S формасын IRS-ке берген немесе оған түзетулер енгізген кезде Орталық депозитарий есептілік берілетін есепті жылға қолданылатын форманың өзекті нұсқасы пайдаланылатынына көз жеткізуге міндетті.
34. Егер бұл АҚШ көздерінен тұрақты, анықталатын, жылдық немесе мерзімді кіріс болып табылатын салық салынатын төлемге қатысты болса, 1042-S бір формасы АҚШ Салық кодексінің 3-тарауына сәйкес және FATCA шеңберінде талап етілетін ақпаратты ұсыну үшін пайдаланылуы мүмкін.
35. Есептілікке жататын сомаларға АҚШ-тың кіріс көзінен төлемдер кіреді, атап айтқанда:
- 1) купондық сыйақы;
 - 2) дивидендтер.
36. 1042-S формасына енгізілетін ақпарат депонент өзі және/немесе өз клиенті бойынша берген деректер негізінде қалыптастырылады.
37. 1042-S формасы әрбір кіріс алушыға қатысты жеке беріледі. Алайда, QI Келісімінің талаптарына сәйкес, егер белгіленген критерийлер сақталса, АҚШ-тың бірыңғай салық мөлшерлемесі бойынша салық салынатын төлемдердің бір түрін біріктіруге және осындай төлемдер бойынша мәліметтерді пул түрінде ұсынуға жол беріледі.
38. Орталық депозитарий QI мәртебесінде әрекет ете отырып, QI келісімінің шарттары әрбір клиент бойынша жеке есептілікті тікелей талап ететін жағдайларды қоспағанда, белгілі бір салық мөлшерлемесін қолдануға құқығы бар депоненттерге және/немесе депоненттердің клиенттеріне қатысты пул бойынша жиынтық төлемдері бар 1042-S формаларын бере алады.

39. Жиынтық есептілік Орталық депозитарийдің шетелдік салық агенттерінен депоненттердің пайдасына алатын табысы кірістің түрі бойынша жинақталатынын көздейді. Бұл жиынтық есептілікке АҚШ салығының бірдей мөлшерлемесі бар бенефициарлық меншік иелері кіреді. Мұндай жағдайларда әрбір бенефициарлық меншік иесі бойынша 1042-S жеке формасы берілмейді.
40. Егер кіріс жеке есептілікке енгізілмесе, Орталық депозитарий оны кірістің белгілі бір түрі, АҚШ Салық кодексінің 3-тарауы немесе 4-тарауы бойынша ұстап қалу және тиісті салық мөлшерлемесі бойынша жиынтық түрде көрсетеді.
Әрбір кіріс пулы үшін 1042-S жеке формасы беріледі. Бұл ретте, Орталық депозитарий жиынтық есептілікке қойылатын талаптарға сәйкес кіріс кодын, алып тастау кодын, алушының кодын, салық мөлшерлемесінің пулын және АҚШ-тың қолданылатын салық мөлшерлемесін көрсете отырып, 1042-S формасын береді.
41. Орталық депозитарий Filing Information returns Electronically (FIRE) жүйесі арқылы электрондық түрде 1042-S формасы бойынша есептілікті береді.
42. Орталық депозитарий төленген сомадан АҚШ салығын ұстап қалу фактісіне қарамастан 1042-S формасы бойынша есептілікті төлем жүргізілген күнтізбелік жылдан кейінгі жылдың 15 наурызынан кешіктірмей береді.
43. Қажет болған жағдайда, Орталық депозитарий 1042-S формасы бойынша есептілікті беру мерзімін белгіленген беру мерзімі аяқталғанға дейін 8809-формасын беру арқылы 30 күнге дейін автоматты түрде ұзартуды сұрай алады.
44. 1042-S формасы бойынша есептілікті беру мерзімін 30 күнге екінші ұзарту формасындағы Нұсқаулықта көзделген барлық шарттарды сақтай отырып, 8809 - формада көрсетілген себептердің бірі болған жағдайда ғана мүмкін болады.
45. 8809-формасын беру мерзімін ұзартуға сұрату Filing Information Returns Electronically (FIRE) жүйесі арқылы электрондық түрде берілуі немесе формадағы нұсқаулықта көрсетілген мекенжайға почтамен жіберілуі мүмкін.
46. Депоненттің жазбаша сұратуы негізінде Орталық депозитарий осы депонентке және/немесе оның клиентіне қатысты 1042-S формасы бойынша салық есептілігінің көшірмесін ұсынады.
47. W-8IMY-формасымен бірге берілген ұстап қалуға арналған өтініште депонент 1042-S формасының көшірмесін алу тәсілін көрсете алады: ұстап қалуға арналған өтініште көрсетілген электрондық немесе почта мекенжайына сканер-көшірме түрінде.
1042-S формасы IRS белгілеген салық кезеңі аяқталғаннан кейін жылына бір рет беріледі.
48. Орталық депозитарий қандай да бір жеке кіріс алушыларға жиынтық есептіліктің көшірмелерін ұсынбайды.
49. Орталық депозитарий АҚШ-тың кіріс көзінен төлемдер жасалғанына және АҚШ Салық кодексінің 3 немесе 4-тарауларына сәйкес салық сомалары ұсталғанына қарамастан, IRS-пен QI келісімі бар әрбір күнтізбелік жыл үшін 1042-формасы бойынша есеп береді.

- 1042-форма бойынша есептілік есепті жылдан кейінгі жылдың 15 наурызынан кешіктірілмей беріледі.
50. 1042-форма бойынша есептілікті беру мерзімін алты айға дейін ұзарту үшін Орталық депозитарий 7004-формасын 1042-форма бойынша есептілікті берудің белгіленген мерзімінде немесе ол басталғанға дейін IRS-ке жібере алады.
51. 1042-форма мен 7004-форма бойынша есептілік тиісті IRS нұсқауларында көрсетілген мекенжайға жіберілуі керек. Формаларды дайындау кезінде есеп беру кезінде қолданылатын нұсқаулықтардың өзекті нұсқаларын пайдалану қажет.
52. Орталық депозитарий барлық берілген 1042-формалардың көшірмелерін, сондай-ақ есептілікті дайындау кезінде пайдаланылған барлық растайтын құжаттар мен жұмыс материалдарын, соның ішінде оларды IRS-ке беру фактісін растайтын құжаттарды қажеттілік өткенге дейін сақтайды.

Басқарма төрағасы

Е.А. Медеу

QI келісімінің талаптарын орындау шеңберінде салықтық басқару бойынша қызметтер көрсету тәртібіне қосымша

Ұстап қалуға өтініш

Ұйымның жеке шоты	
Ұйымның атауы	
3-тарау бойынша ұйымның мәртебесі (ағылшын тілінде көрсетіледі)	
4-тарау бойынша ұйымның мәртебесі (ағылшын тілінде көрсетіледі)	
Ұйымның БСН	
Ұйымның GIIN	
Почталық мекенжайы	

"Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ-да (бұдан әрі-Орталық депозитарий) ашылған ұйымның көрсетілген жеке шотына қатысты, осымен осы жеке шотта есепке алынатын немесе есепке алынуға жататын Америка Құрама Штаттарының (бұдан әрі – АҚШ) барлық бағалы қағаздарына, сондай-ақ АҚШ Салық кодексінің 3 және 4-тарауларына сәйкес салықты және/немесе есептілікті ұстап қалуға жататын барлық төлемдерге қатысты қызметін делдал ретінде жүзеге асыратынымызды растаймыз.

Осы өтінішті ұсына отырып, біз өз келісімімізді растаймыз және өзімізге мынадай міндеттемелерді қабылдаймыз:

- 1) Орталық депозитарийге W-8 сериялы формалардың сканерленген нұсқасын (PDF форматында) ұсыну, олардың атынан бағалы қағаздар есепке алынатын әрбір соңғы табыс алушының атына ресімделген;
- 2) Орталық депозитарийдің сұратуы бойынша клиенттің бірегей кодын көрсетуді қоса алғанда, "құралдардың жиынтық есебіне арналған депоненттің қосалқы шоты" үлгісіндегі қосалқы шоттар бойынша ақпаратты толық ашуды ұсыну;
- 3) осы өтінішті жыл сайын – күнтізбелік жыл аяқталған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей жаңарту;
- 4) бұрын ұсынылған W-8IMY формасында көрсетілген мәліметтерге өзгерістер енгізілген жағдайда осы өтінішті осындай өзгерістер енгізілген күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде жаңарту.

Осы өтінішке қол қоя отырып, біз Орталық депозитарийде салықтық сәйкестендірудің қолданыстағы формасы болмаған жағдайда, АҚШ Салық кодексінің 3 және 4-тарауларына сәйкес есептілікке жататын төлемдер туралы хабардар етілгенімізді растаймыз, FATCA талаптарына сәйкес 30% ұстап қалу мөлшерлемесін қолдана отырып, АҚШ заңнамасында белгіленген тәртіппен кірістерді төлеу көзінен салық ұстауға жатады.

Біз осы өтініште баяндалған мәліметтердің дұрыстығын, өзектілігін және толықтығын тексергенімізді растаймыз және берілген ақпарат АҚШ заңнамасының талаптарына сәйкес салықтық басқару мақсаттары үшін пайдаланылатынына келісеміз.

Қажет болса таңдаңыз:

☐ Осымен біз жыл сайынғы 1042- S формаларын алғымыз келетінін растаймыз:

☐ Электрондық мекенжайға жіберілетін сканер-көшірме түрінде: _____

☐ Почта мекенжайына жіберілетін сканер-көшірме түрінде: _____

<i>Лауазымы</i>	<i>Қолы</i>	<i>Тегі, инициалдары</i>

М.о.

Қосымша мәліметтер

<i>Телефондар</i>	
<i>E-mail</i>	